



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
БАНКІ**

№ 003 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 27 қаңтар

**Қаржы рыногындағы ағымдағы жағдай және
2003 жылдың алдын ала қорытындылары
туралы**

1. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары.

2004 жылғы қаңтарда халықаралық резервтердің өсуі жалғаса түсті. Ағымдағы жылдың басынан бастап Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 7,7% (немесе 384,3 млн. долл.) өсіп, 2004 жылғы 26 қаңтарда тарихи шегіне 5343,2 млн. долларға жетті. Тиісінше, елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда 4,6%-ке өсті және алдын ала деректер бойынша 26 қаңтарда 8958,9 млн. долл. болды.

Жыл басынан бері ақша базасы 10%-ке азайды және 2004 жылғы 26 қаңтарда 285,1 млрд. теңге болды. Ақша массасы азаюының негізгі факторы Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарында қалған ақшасының едәуір өсуі (2,2 есе дерлік) және айналыстағы қысқа мерзімді ноттардың ұлғаюы (12,1%) салдарынан Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуінен болды.

2003 жылы ақша массасы 26,8%-ке 969,9 млрд. теңгеге дейін өсті. Ақша массасының ұлғаюына банк жүйесінің сыртқы активтері сияқты (5,8%), оның ішкі активтерінің (51,9%) де өсуі ықпал етті. Ақша массасы ұлғаюының негізгі факторы Үкіметті қоспағанда, банк жүйесінің басқаларға, экономика секторына талаптарының 45,6% өсуі болды.

2003 жылы айналыстағы қолма-қол ақша (47,6%) банк жүйесінің ақша массасы құрылымындағы (21,2%) депозиттердің өсуінен 2,2 еседен астам озық болды. 2003 жылы қолма-қол ақшаның едәуір 238,7 млрд. теңгеге дейін өсуіне жоғары экономикалық жағдайларда халықтың ақшалай кірістерінің өсуі себеп болды. Нақты жалақының және зейнетақылардың өсуі айналыстағы қолма-қол ақшаны толтырудың негізгі арналары болды. Депозиттердің өсу қарқынымен салыстырғанда қолма-қол ақшаның озық өсу қарқыны ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесінің 78,9%-тен 75,4%-ке дейін төмендеуіне себеп болды.

2003 жылы ақша массасының өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасы кеңеюінің озық қарқыны салдарынан ақша мультипликаторы 3,67-ден 3,06-ға дейін төмендеді.

2. Валюта рыногы. 2004 жылдың қаңтарында АҚШ долларына қатысты теңгенің номиналдық нығаю үрдісі жалғасты. Жыл басынан бері теңге АҚШ долларына қатысты номиналдық көріністе 2,67%-ке нығайды және 2004 жылғы 26 қаңтарда оның биржалық бағамы бір доллар үшін 139,50 теңгені құрады.

АҚШ доллары бағамының осындай динамикасы негізінен ішкі валюта рыногына үлкен көлемде түсетін экспорттық валюта түсімінің (әсіресе мұнайдың әлемдік рыногында жоғары бағаның сақталуынан) валюта рыногына қатысушылардың арасында қажетті сұранысқа ие болмауына байланысты болды, бұл көп жағдайда халықаралық валюта рыногында АҚШ долларының тұрақсыз жағдайына әкеліп отыр. Бағамның қалыптасуында мерзімдік фактордың да белгілі бір рөлі бар: айдың жиырмасына дейін салық төлемдерін жүзеге асыру қажеттігіне байланысты бос теңгелік қаражаттың тапшылығы пайда болды.

Осыған байланысты, Ұлттық Банк бағамның күрт қысқа мерзімді ауытқуларын деңгейлестіру мақсатында ішкі валюта рыногына сатып алушы ретінде қатысуға мәжбүр болды. Қаңтардың соңында АҚШ долларына қатысты теңге бағамының өзгеру қарқыны төмендеуге тиіс және ішкі валюта рыногындағы ахуал тұрақтандырылады.

2003 жылда негізгі сауда әріптестері елдерінің валюталарына қатысы бойынша теңгенің нақты құнсыздануы 2,5% (2002 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2003 жылдың желтоқсаны) болды. Қаралып отырған кезеңде ТМД елдері бойынша нақты тиімді айырбас бағамы (НТАБ) 4,2%-ке азайды, ал қалған елдер бойынша теңгенің құнсыздануы 1,5%-ті құрады. Өткен жылда АҚШ долларына қатысты теңге нақты көріністе 12,6%-ке нығайды, ал еуро мен ресей рубліне қатысты тиісінше 6,9%-ке және 5,3%-ке құнсызданды.

Осылайша, теңгенің АҚШ долларына қатысты біршама нығаюына қарамастан, тұтастай алғанда негізгі сауда әріптестері елдеріне қатысты қазақстандық экспорттердің сыртқы бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ететін жағдай 2001 және 2002 жылдарға қарағанда неғұрлым қолайлы деңгейде сақталды. Оның үстіне, біздің бағалаулар бойынша 2004 жылғы қаңтарда НТАБ 2003 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда өзгеріссіз қалды.

Айдың басынан бері қосымша сауда-саттықтағы мәмілелерді қоса алғандағы биржалық операциялардың көлемі 522,7 млн.доллар болды. Биржадан тыс валюта рыногындағы операциялардың көлемі жедел деректер бойынша 470,0 млн.долларды құрады.

3. Банкаралық ақша рыногы. 2003 жылы банкаралық ақша рыногында банктер өтімділігінің өсу үрдісі олардың ресурстық базаларының айтарлықтай көбеюіне байланысты болды. 2003 жылда орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің жалпы көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 63,7%-ке өсіп, 454,9 млрд. теңге болды.

2003 жылғы желтоқсанда орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 2002 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 4,90%-тен 2,78%-ке дейін төмендеді.

Банктер белсенділігінің біршама артуы банкаралық валюталық қарыз алу рыногында да байқалды, онда операциялардың негізгі түрі АҚШ долларындағы банкаралық депозиттер болды. 2003 жылда долларлық депозиттер 43,8 млрд. АҚШ долларына орналастырылды, бұл 2002 жылғы операциялар көлемінен 79,1%-ке асып түседі.

Орналастырылған долларлық депозиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 2003 жылдың соңында 1,73% болды (2002 жылдың соңында – 1,93%).

Банкаралық қарыз алудың қалған түрлері бойынша операциялар шамалы көлемде жасалды.

4. Депозит рыногы. Тұтас алғанда, 2003 жылы депозит рыногы оң үрдістермен сипатталды.

Резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 21,2%-ке өсіп, 731,2 млрд. теңгеге дейін (5,1 млрд. АҚШ доллары) өсті. Бұл ретте заңды тұлғалардың депозиттері 12,3%-ке өсіп, 395,8 млрд. теңге, ал жеке тұлғалардың салымдары 33,8%-ке өсіп, 335,4 млрд. теңге болды.

Жыл ішінде негізінен теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюына негізделген долларландыру деңгейінің біршама төмендеуі байқалды. Ұлттық валютадағы депозиттер 60,1%-ке көбейіп, 386,7 млрд. теңге, ал шетел валютасындағы депозиттер 4,8%-ке төмендеп, 344,4 млрд. теңге болды (2,4 млрд. АҚШ доллары). Нәтижесінде резиденттер депозиттерінің жалпы көлеміндегі теңгелік депозиттердің үлес салмағы 40,0%-тен 52,9%-ке дейін өсті.

Қаржы секторының тұрақты дамуы және халықтың нақты табысының көбеюі жағдайында халық салымдарының өсуі жалғасты (резидент еместерді қоса алғанда). Бір жылда олар 33,4%-ке өсіп, 343,2 млрд. теңгеге жетті (шамамен 2,4 млрд. АҚШ доллары). Халықтың салымдары құрылымындағы теңгелік депозиттер 90,6%-ке, ал шетел валютасындағы депозиттер 13,0%-ке өсті. Нәтижесінде теңгелік депозиттердің үлес салмағы 26,2%-тен 37,5%-ке дейін өсті.

Банктердің депозиттері бойынша ставкалардың динамикасы біртіндеп төмендеуімен сипатталды. 2002 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2003 жылғы қарашада жеке тұлғалардың теңгелік мерзімді депозиттері бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 11,0%-тен 10,0%-ке дейін, ал банктік емес заңды тұлғалардың депозиттері бойынша - 5,4%-тен 3,0%-ке дейін төмендеді.

Жыл қорытындысы бойынша Ұлттық Банк жеке тұлғалардың түрлі валюталармен салынған (теңгемен, АҚШ долларымен және еуромен) банктік депозиттерінің кірістілігі жөнінде салыстырмалы есеп жүргізді. Онда тарту мерзімі 12 айлық депозиттің шарттары, сондай-ақ ақшаны «шұлықта» (халықтың қолындағы) сақтау нұсқасы пайдаланылды.

1-кесте. 2003 жылы халықтың ақшаны орналастыруының түрлі нұсқалары бойынша салыстырмалы нақтылы кірістілігі

Ақша орналастыру нұсқасы	Сыйақы ставкасы, %	Операциялардың нақты кірістілігі, %
Теңгемен мерзімді депозит	11,0	11,0
Доллармен мерзімді депозит	7,4	(-) 1,2
Еуромен мерзімді депозит	6,9*	18,6
АҚШ долларын «шұлықта» сақтау	-	(-) 8,0

* - бағалау

Есептеу нәтижелері бойынша (1-кесте) өз ақшасын банкке орналастырған салымшылар 2003 жыл өткеннен кейін еуромен салынған мерзімді депозиттер бойынша (жылдық 18,6%), бұдан кейін теңге депозиттері бойынша - жылдық 11,0% ең көп нақтылы кіріс алды.

Доллармен салынатын депозиттерді немесе АҚШ долларымен өздері сақтауды (қолда ұстауды) жөн көретін азаматтар 2003 жылдың қорытындылары бойынша тиісінше жылдық (-) 1% және (-) 8% теріс кірістілік алды.

Алайда, алдағы уақытта әлуетті салымшылар валюта рыногындағы үрдістердің құбылмалы екендігін және 2003 жылғы еуро депозиттеріндегідей, бағамдық айырмашылықтың есебінен пайда болған кіріске сүйену барынша қауіпті екендігін есте сақтау қажет.

Осыған байланысты, ең алдымен салымшылардың ақшаны негізінен (мүмкіндігінше жартысынан көбін) теңгемен депозиттерде сақтау ұсынылады. Өйткені жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді салымдары бойынша сыйақысының қазіргі кездегі орташа алынған ставкасы шетел валютасындағы осындай салымдар

бойынша ставкалардың деңгейінен едәуір жоғары. Басқа бөлігін өз қалауы бойынша тұрақты валютамен - доллармен, еуромен, стерлинг фунтымен және т.б. белгіленген салымдарға орналастыруға болады.

5. Кредит рыногы. 2003 жылдың қорытындысы бойынша кредит рыногы қаржы рыногының қарқынды дамып келе жатқан бөліктерінің бірі болып отыр. Бір жылда банктердің экономикаға кредиттерінің жалпы көлемі 45,5%-ке 978,1 млрд. теңгеге дейін өсті (валюталық баламасы - 6,82 млрд. АҚШ доллары).

Кредиттер құрылымында валюталардың түрлері сияқты олардың мерзімдері бойынша да аз өзгерістер болды.

Ұлттық валютамен кредиттердің өсуі шетел валютасымен берілген кредиттермен салыстырғанда қарқынды сипат алды. Ұлттық валютамен кредиттер 2 еседен астам өсіп, 435,4 млрд. теңге болса, ал шетел валютасымен кредиттер - 17,8%, 542,7 млрд. теңге (3,8 млрд. АҚШ долл. жуық) болды. Нәтижесінде, теңгемен кредиттердің үлес салмағы жыл басындағымен салыстырғанда 31,5%-тен 44,5%-ке дейін өсті.

2003 жылы ұзақ мерзімді кредиттер 58,7%-ке өсіп, 608,4 млрд. теңге болса, ал қысқа мерзімді кредиттер - 27,9%-ке өсіп, 369,8 млрд. теңге болды. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 57,0%-тен 62,2%-ке дейін ұлғайды.

2003 жылы шағын кәсіпкерлікке кредиттер 33,9%-ке ұлғайып, желтоқсанның аяғына қарай 196,2 млрд. теңге болды.

Кредиттер бойынша ставкалар динамикасы түрлі бағыттағы сипатта болды. Мәселен, 2002 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2003 жылғы желтоқсанда ұлттық валютамен кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 21,5%-тен 20,3%-ке дейін төмендеді, ал заңды тұлғаларға кредиттер бойынша - 14,1%-тен 14,9%-ке дейін аздап жоғарылады.

6. Бағалы қағаздар рыногы. Корпоративтік бағалы қағаздар рыногында 2004 жылғы 1 қаңтарда қолданылып жүрген эмиссиясы бар 2940 акционерлік қоғам тіркелді, 52 брокер-дилер, 19 тіркеуші, 10 кастодиан банк, 2 өзін-өзі реттейтін ұйым және инвестициялық портфельді басқаратын 10 ұйым жұмыс істеді.

2003 жылда 137 акциялар эмиссиясы (2002 жылы – 86 эмиссия) және жалпы номиналдық құны 88,7 млрд. теңге болатын 30 мемлекеттік емес облигациялар эмиссиясы (2002 жылы – номиналдық құны 48,2 млрд. теңге болатын 25 эмиссия) тіркелді. 2004 жылғы 1 қаңтарда айналыста 3521 қолданылып жүрген акциялар эмиссиясы және жиынтық номиналдық құны 178.5 млрд. теңге болатын 71 мемлекеттік емес облигациялардың қолданылып жүрген эмиссиясы болды.

Өткен жылдың маңызды оқиғасы бағалы қағаздар рыногында Қазақстан Республикасының үш заңын қабылдау болды.

2003 жылғы 13 мамырдағы “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңда корпоративтік басқару деңгейіне қойылатын жоғары талаптар белгіленді, төлем тәртібінің деңгейі және акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері көтерілді.

2003 жылғы 2 шілдедегі “Бағалы қағаздар рыногы туралы” Заңда бағалы қағаздарды шығару, айналысқа жіберу және өтеу тәртібін реттейтін нормалар, бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларын және ұйымдарды құру және қызметі, бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті органның құқықтық мәртебесі және құзыреті жетілдірілді. Осы заңда, атап айтқанда, қаржы агенттігінің ұғымы және қаржы агенттігі мәртебесін алу тәртібі белгіленді.

2003 жылғы 16 мамырда “Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заң қабылданды.

Бұдан басқа, ұсақ кәсіби емес инвесторлардың жинақтарын ерікті түрде тартудың негізгі нысаны ретінде инвестициялық қорларды дамыту және осы қаражатты қор рыногы құралдарына инвестициялау мақсатында “Инвестициялық қорлар туралы” заң жобасы әзірленді. Қазіргі уақытта заң жобасы Үкіметтің қарауында жатыр.